қабылдау-табыстау актісі бойынша жылына екі рет (тиісінше ағымдағы жылдың 5 мамырына және 5 қарашасына дейін) Сараптама кеңесінің қарауына жібереді.

75. Сараптама кеңесінің құрамына сараптама кеңесінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Сараптама кеңесі мүшелері тақ саннан, бірақ кемінде жеті адамнан тұрады. Төраға Сараптама кеңесінің мүшелерінен сайланады.

76. Сараптама кеңесі осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сабақтарды/оқуларды бақылау парақтарын ескере отырып, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беруге (растауға) арналған педагогтердің портфолиосын бағалау өлшемшарттарына сәйкес біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын қарайды және бағалайды.

77. Сараптама кеңесі аттестатталушының қашықтықтан немесе күндізгі форматта қатысуымен әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша портфолионы жеке қарайды және бағалайды. Аттестатталушының қатысуымен портфолионы қарау 30 минуттан аспайды. Бұл ретте аудио немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио бейнежазба аттестаттау өткізген ұйымның архивінде кемінде бір жыл сақталады.

78. Сараптама кеңесі осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беру (растау) үшін педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын және осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімде (осы жылдың 5 маусымына және 5 желтоқсанына дейін) Комиссияға әрбір педагог бойынша өтініш берілген біліктілік санатына сәйкестік/сәйкессіздік туралы, бір деңгейге төмен сәйкестік туралы қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудың қорытындылары бойынша ұсынымдар жібереді.

1-параграф. Педагогтерге кезекті біліктілік санаттарын беру тәртібі

79. Біліктілік санатын кезекті беруге:

"педагог" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау курстарынан өткен, педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскен, Ұлттық біліктілік тестілеуінен табысты өткен, сондай-ақ мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін адамдар:

оқу пәнінің, оқу-тәрбие процесінің, оқыту және бағалау әдістемесінің мазмұнын біледі; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлайды және ұйымдастырады, білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке

тәсілді жүзеге асырады, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгерген, цифрлық білім беру ресурстарын қолданады;

"Педагогикалық этиканың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) сәйкес педагогикалық этиканың негізгі нормаларын сақтайды;

2) "педагог-модератор" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен адамдар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

оқытудың инновациялық нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады;

кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес білім беру ұйымының, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;

3) "педагог-сарапшы" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сондай-ақ қайта даярлау курстарынан өткен адамдар, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, кемінде үш жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог-модератор" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

ұйымдастырылған оқу қызметін, оқу-тәрбие процесін талдау дағдыларын меңгерген;

өзінің және білім беру ұйымы деңгейінде әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтайды;

кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, облыс деңгейінде конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;

облыс, ел телевидениеде трансляциялауға енгізілген бейне -, телесабақтар дайындады (болған жағдайда);

4) "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі, мынадай кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін, кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог-сарапшы" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгерген;
білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;
оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді;

облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

кәсіби шеберлік конкурсының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушы немесе жүлдегер немесе жеңімпаз оқушылары бар;

"Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, "Үздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болып табылады;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), облыстың (бар болса) деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асырады және даму стратегиясын сындарлы айқындайды;

тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары ұйымдастырған педагогтерге арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы) "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіреді (болған жағдайда);

еліміздің, облыстың телевидениесінде трансляциялауға енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған бейне-телесабақтар дайындады (болған жағдайда);

интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;

5) "педагог-шебер" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, келесі кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін кемінде алты жыл педагогикалық өтілі бар адамдар:

"педагог-зерттеуші" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламасы бар немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің авторы (бірлескен авторы) болып табылады немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі сарапшылар құрамына кіреді немесе уорлд скилс (WorldSkill) (кәсіби шеберлік конкурсы) чемпионаттарының сарапшысы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша тренер болып табылатын адамдар;

республикалық немесе халықаралық кәсіби конкурстардың жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық немесе халықаралық деңгейлердегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жүлдегерлерін немесе жеңімпаздарын дайындаған;

"Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы, "Үздік педагог" атағының иегері (болған жағдайда) болып табылады;

интернет-ресурстарды пайдалана отырып, жұмыс тәжірибесін таратады;

тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс, республика деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлайды (болған жағдайда);

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар (болған жағдайда);

республика деңгейінде тәжірибе жинақтайды, тиісті уәкілетті органның ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтерге арналған семинарларды, конференцияларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;

еліміздің, облыстың телевидениесінде трансляциялауға енгізілген, білім беру порталдарында орналастырылған (болған жағдайда) бейне -, телесабақтар дайындаған.

80. Білім беру ұйымы жыл сайын 1 қыркүйекке дейін алдағы қаржы жылына арналған біліктілік санаттарын берудің (растаудың) перспективалық жоспарын жасайды және бекітеді, ол қажеттілігіне қарай түзетіледі.

81. Білім беру ұйымы біліктілік санатын беру үшін педагогтердің тізімдік құрамын (электрондық тасымалдағышта) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім бөлімдеріне, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларына, республикалық ұйымдар білім беру саласындағы уәкілетті органға (тиісті саланың республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдары мен білім беру ұйымдары үшін) ұсынады.

82. Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) туралы соңғы шешімді Комиссия қабылдайды.

83. Әрбір педагог бойынша Сараптама кеңесінің ұсынымдарын қарағаннан және алғаннан кейін Комиссия педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) өтініш берілген бір деңгейге төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) "педагог" біліктілік санатына сәйкес келеді (өтініш берілген біліктілік санаты сәйкес келмеген кезде);
- 4) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.

84. "Өтініш берілген біліктілік санатына аттестаттаудан өтпеген" деген шешім қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссияның барлық мүшелері қол қойған шешімнің негіздемесімен бірге аттестатталған адамның электрондық поштасына жазбаша хабарлама жібереді.

85. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Аттестаттаудан сәтті өткен педагогтердің тізімі аттестаттауды өткізген мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымының Интернет-ресурсында жарияланады.

86. Педагогтер (басшылар, басшының орынбасарлары) жүктілігі және босануы бойынша демалыстан немесе бала үш жасқа толғанға дейін оны бағып-күтуге арналған демалыстан немесе жаңа туған баланы (балаларды) асырап

алған қызметкерлер үшін демалыстан шыққаннан кейін біліктілік талаптарына сәйкес келетін санатқа Біліктілік тестілеуін тапсырады. Педагогтердің осы санаты үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы бір жыл ішінде өткізеді. Бұл ретте педагогте осы кезеңде бар біліктілік санаты сақталады.

Тиісті санатқа балл саны жетпеген жағдайда, аттестаттау рәсімі осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес жүргізіледі.

87. Педагог (басшы, басшының орынбасары, әдіскер) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесіне сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде күнтізбелік бір жылға Біліктілік тестілеуінен босатылады. Бұдан әрі жалпы негізде аттестаттаудан өтеді.

88. Осы Қағидалардың 87-тармағында көрсетілген педагогтер біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу үшін Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) біліктілік санаттарының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш (еркін нысан);

2) біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзартудың негізділігін растайтын құжат.

89. Комиссияның біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту жөніндегі отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

90. Комиссияның біліктілік санатының қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешімі осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.

91. Педагогтер:

біліктілік санаты берілген лауазымдағы жұмысын қайта бастағандар;

білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, біліктілікті арттыру ұйымдарынан, жоғары оқу орындарынан білім беру ұйымдарына ауысқандар;

Қазақстан Республикасынан тыс жерде мамандық бойынша оқуда (тағылымдамада) болғандар;

педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шетелдерден келген;

педагогикалық қызметке алғаш рет кіріскендер білімін, еңбек өтілін растайтын құжаттары болған жағдайда № 338 бұйрыққа сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келетін санатқа Біліктілік тестілеуін тапсырады.

Педагогтердің осы санаты үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау кезеңін тиісті деңгейдегі комиссия бір жылдан кейін өткізеді. Бұл ретте педагогте біліктілік санаты берілгенге дейін бір жыл бойы "педагог" біліктілік санаты қолданылады.

Тиісті санат бойынша балдар саны жеткіліксіз болған жағдайда келесі аттестаттау кезеңінде педагог бастапқы өтініш берілген біліктілік санатына немесе төмен деңгейге Біліктілік тестілеуін тапсырады.

92. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 53-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлікке шығуға екі жылдан аз қалған зейнеткерлік жасқа дейінгі педагогтер Біліктілік тестілеуінен босатылады.

93. Зейнетке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер аттестаттау рәсімінен жалпы негізде өтеді.

Біліктілік санатын жалпы негізде беру (растау) рәсімінен бас тартқан жағдайда біліктілік санаты "педагог" біліктілік санатына дейін төмендетіледі.

94. Мынадай санаттағы педагогтерге:

"санаты жоқ" біліктілік санаты "педагог" біліктілік санатына теңестіріледі;

"екінші санат" біліктілік санаты "педагог-модератор" біліктілік санатына теңестіріледі;

"бірінші санат" біліктілік санаты "педагог-сарапшы" біліктілік санатына теңестіріледі;

"жоғары санат" біліктілік санаты "педагог-зерттеуші" және (немесе) "педагог-шебер" біліктілік санаттарына теңестіріледі.

95. Қазақстан Республикасының шегінде педагогикалық салада тиісті мамандық бойынша жаңа жұмыс орнына ауысқан кезде педагогтердің (басшылардың, басшы орынбасарларының, әдскерлердің) бар біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

96. Педагогтерге біліктілік санатын беру білімі туралы дипломда көрсетілген мамандыққа (біліктілікке) немесе атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік беріле отырып, қайта даярлау туралы құжатқа сәйкес жүзеге асырылады.

97. Білім туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқыту жағдайында біліктілік санатын беру оқытылатын/оқытылған пәнді/пәндерді (таңдау бойынша) көрсете отырып, негізгі лауазым бойынша жүргізіледі және негізгі лауазым бойынша санат беріледі. Негізгі лауазымы бойынша берілген

біліктілік санаты тиісті бағыт бойынша оқытылатын барлық пәндерге/оқуларға қолданылады.

98. Шағын жинақталған мектеп педагогтері үшін дипломда көрсетілмеген пәндерді оқыту жағдайында кезекті біліктілік санатын беру пәнаралық (аралас) пәндер бойынша тиісті біліктілік бере отырып, қайта даярлау туралы құжат болған кезде атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

99. Педагог жоғары оқу орындарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді оқытқан жағдайда, оның бұрын алған санаты сақталады. Біліктілік санатын кезекті беру біліктілікті арттыру туралы тиісті құжат болған кезде жалпы негізде жүргізіледі.

100. Арнайы білім беру ұйымдарында сабақ беретін педагогтер кезекті біліктілік санатына дипломына сәйкес, бейіні немесе қайта даярлау туралы құжат бойынша, білім беру ұйымдарындағы тиісті бейін бойынша өтеді.

101. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері кезекті біліктілік санатына оқытатын бейінге сәйкес өтеді.

102. Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне (әдіскерлеріне) диплом бойынша немесе атқаратын лауазымы ескеріле отырып біліктілік санаттары беріледі.

103. Білім беру ұйымынан тиісті пән бойынша әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымдарға немесе білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдардан ауысқан кезде педагогтің бар "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады (теңестіріледі).

104. Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), "Дарын" орталықтарының, ақпараттандыру, мектепке дейінгі, арнайы және қосымша білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының әдіскерлеріне білім беру ұйымдарына ауысу немесе еңбек қызметін қоса атқару жағдайында "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты сақталады.

105. "Өзін-өзі тану" пәнінен сабақ беру кезінде педагогтің біліктілік санаты білім беру бағдарламалары бойынша "Өзін-өзі тану" пәні бойынша біліктілікті арттыру курстары туралы уәкілетті органмен келісілген құжаты болған кезде бұрын оқытылған пән бойынша біліктілік санатына теңестіріледі және қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

106. Біліктілік санаттарын кезекті, мерзімінен бұрын беру (растау) кезінде "Өзін-өзі тану" пәні бойынша педагогтер дипломға сәйкес мамандық бойынша немесе "Өзін-өзі тану" пәні бойынша Біліктілік тестілеуінен өтеді.

107. Бейіннен тыс педагогикалық білімі бар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне тиісті бейін бойынша қайта даярлау туралы құжат болған кезде біліктілік санаты беріледі.

108. "Көркем еңбек" пәні бойынша сабақ беретін педагогтер "Технология", "Бейнелеу өнері", "Сызу" мамандықтары бойынша дипломмен аттестаттаудан өтеді; "Графика және жобалау" пәні бойынша – "Бейнелеу өнері", "Сызу", "Информатика" мамандықтары бойынша диплом, сондай-ақ бұрын берілген біліктілік санатын ескере отырып кәсіптік оқыту ескеріледі.

109. Арнайы білім беру ұйымдарында немесе арнайы сыныптарда (топтарда) білім туралы дипломда көрсетілген мамандық бойынша емес қызмет жүргізген жағдайда, біліктілік санатын кезекті беру тиісті бейіні бойынша қайта даярлау туралы құжаттың негізінде атқаратын лауазымы бойынша жүргізіледі.

110. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектептерде сабақ беретін педагогтер дипломда көрсетілген мамандыққа сәйкес кезекті біліктілік санатын беруден өтеді, бұл ретте портфолиода ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен жұмыс жөніндегі материалдар көрсетіледі.

2-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру тәртібі

111. Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге кезекті аттестаттаудан кейін екі жыл өткен соң жол беріледі. Педагог Біліктілік тестілеуін сәтті тапсырғаннан кейін және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен соңғы екі жыл ішінде тиісті қызмет нәтижелері болғаннан кейін осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімінен бұрын аттестаттауға өтініш береді.

112. "Педагог-модератор" біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге педагогтер кемінде мынадай екі талапқа сәйкес болған жағдайда қатысады:

пәнді ағылшын тілінде оқыту құқығымен жоғары оқу орнын бітірген, ағылшын тілін C1 деңгейінен төмен емес (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) білетіндігін растайтын сертификаты (куәлігі) бар немесе ғылыми-педагогикалық бейіні бойынша "магистр" академиялық дәрежесі берілген дипломы бар адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес аудан (облыстық/республикалық маңызы бар қала) деңгейінде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

113. "Педагог-сарапшы" біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер (осы тармақтың бесінші абзацында көрсетілген адамдарды қоспағанда) қатысады:

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

ағылшын тілін C1 (сефр (CEFR) шкаласы бойынша) деңгейінен төмен емес деңгейде меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;

жоғары оқу орнынан білім беру ұйымдарына педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде екі жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар адамдар;

білім беру ұйымдарына өндірістен (білім беру ұйымдарында кадрларды даярлау бейініне сәйкес келетін ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар), бейінді ұйымдардан педагогикалық жұмысқа ауысқан, мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;

бейіні бойынша ең жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері;

аудандық/қалалық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;

Уорлд скилс (WorldSkills) облыстық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

облыс, ел телевидениесінде трансляциялауға енгізілген бейне-, теле сабақтар дайындаған адамдар.

114. "Педагог-зерттеуші" біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер қатысады:

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері немесе жеңімпаздары болып табылатын адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейлерде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген, басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатын адамдар;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

кәсіпорыннан, бейінді ұйымнан педагогикалық жұмысқа ауысқан, кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар адамдар;

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

еліміздің, облыстың телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне -, телесабақтар дайындаған адамдар;

облыстық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;

"Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылатын адамдар;

Уорлд скилс (WorldSkills) республикалық немесе халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған тұлғалар.

115. "Педагог-шебер" біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға мынадай талаптардың кемінде алтауына сәйкес келетін педагогтер қатысады:

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары немесе жүлдегерлері болып табылатын тұлғалар;

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе Техникалық және кәсіптік білім

департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламаларды әзірлеген адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген басып шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторлары (тең авторлары) болып табылатын адамдар;

еліміздің телевидениесінде трансляциялау үшін енгізілген бейне -, телесабақ дайындауға қатысқан адамдар;

Білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығының "Сарапшылардың электрондық базасына" сәйкес немесе Техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жөніндегі сарапшылардың құрамына кіретін адамдар;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

Қазақстан Республикасының "Үздік педагог" атағына ие болған адамдар;

"Қазақстан мұғалімі" ұлттық сыйлығының қатысушысы немесе жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылатын адамдар;

Уорлд скилс (WorldSkills) халықаралық чемпионаттарының жеңімпаздарын немесе жүлдегерлерін дайындаған адамдар.

116. Мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде Комиссия "өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған жағдайда, қолданыстағы біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

3-параграф. Педагогтерге оңайлатылған тәртіп бойынша біліктілік санатын беру тәртібі

117. Президенттің кадр резервіне кірген тұлғаларға, "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне жұмысқа орналасу сәтінде жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бес жылдан кешіктірілмей біліктілік санатын беру рәсімінсіз Комиссия шешімімен "педагог-сарапшы" біліктілік санаты беріледі. Кезекті аттестаттау осы Қағидаларда белгіленген мерзімде өткізіледі.

118. "Педагог-модератор" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 6,5 балл; тойфл (TOEFL) – 60 - 65 балл;

француз тілі: дельф (DELFI) - C1;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C1.

119. "Педагог-сарапшы" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 6,5 балл; тойфл (TOEFL) – 66 - 78 балл;

француз тілі: дельф (DELF) - C1;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C1.

120. "Педагог-зерттеуші" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуі рәсімінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 7 балл; тойфл (TOEFL) - 79-95 балл;

француз тілі: дельф (DELF) - C2;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C2.

121. "Педагог-шебер" біліктілік санаты клил (CLIL) әдістемесі (болған жағдайда) және шет тілін меңгеру деңгейі бойынша сертификаттары бар шетел (ағылшын, неміс, француз) тілдерінің педагогтеріне жеке өтініші негізінде Біліктілік тестілеуінен өтпей беріледі:

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) - 7,5 балл; тойфл (TOEFL) – 96 - 110 балл;

француз тілі: дельф (DELF) - C2;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) - C2.

122. Жоғарыда аталған сертификаттары жоқ шет тілдерінің педагогтері біліктілік санатын беру рәсімінен жалпы негізде өтеді.

123. Комиссия шешімі аттестаттау органының бұйрығымен ресімделеді.

124. Біліктілік санатын беру туралы бұйрықтың негізінде білім беру ұйымы осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік беру (растау) туралы куәлік береді.

125. Біліктілік санатын беру туралы куәліктерді беруді білім беру ұйымдары Комиссиялардың шешімдері мен тиісті бұйрықтардың негізінде жүзеге асырады және осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беру туралы куәліктерді тіркеу және беру журналында тіркеледі.

4-тарау. Білім беру ұйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін аттестаттаудан өткізу тәртібі

126. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша үміткер болып отырған біліктілік санатын көрсете отырып, тиісті деңгейдегі комиссияға өтініш береді.

127. Білім беру ұйымдары (әдістемелік кабинеттер (орталықтар), әдіскерлер (әдістемелік кабинеттер (орталықтар))) басшыларының орынбасарларын аттестаттау осы Қағидалардың 15 -тармағында белгіленген кезеңдерді қамтиды.

128. "Басшы", "басшының орынбасары", "әдіскер" біліктілік санаттары лауазымға тағайындалған кезде автоматты түрде беріледі.

129. Аттестаттау рәсіміне алғаш қатысатын білім беру ұйымдары (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының орынбасарлары, әдіскерлер атқарып отырған лауазымында болған үш жыл өткеннен кейін "үшінші біліктілік санатты басшының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары", "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттарын беруге өтініш береді.

130. Аттестаттау рәсіміне алғаш қатысушы білім беру ұйымының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары атқаратын лауазымында болған үш жыл өткеннен кейін "басшы-ұйымдастырушы" немесе "басшы-менеджер" немесе "басшы-көшбасшы" біліктілік санаттарын беруге өтініш береді.

131. Кезекті аттестаттау кезінде (әдістемелік кабинет (орталық) басшыларының орынбасарлары және білім беру ұйымының (әдістемелік кабинет (орталық) басшылары кезекті деңгейдегі біліктілік санатын беру туралы не лауазымда болған әрбір келесі үш жыл өткеннен кейін қолданыстағы біліктілік санатын растауға өтініш береді.

132. Білім беру ұйымының басшылары мен басшыларының орынбасарларын аттестаттау лауазымға тағайындалған сәттен бастап үш жыл өткен соң алты айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

133. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшыларының орынбасарларын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін аттестаттаудан өткізуге дайындықты білім беру ұйымдарындағы жауапты орындаушылар, аттестаттаушы органның Персоналды басқару қызметі ұйымдастырады және мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) Біліктілік тестілеуінен өткені туралы сертификатты (білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары үшін), жұмыс тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі кестені, осы Қағидаларға 23 және 24-қосымшаларда белгіленген өлшемшарттарды орындау бойынша растайтын құжаттарды қамтитын қажетті құжаттарды дайындау.

Көрсетілген құжаттар басшы орынбасарының, басшының қолымен және білім беру ұйымының (әдістемелік кабинет (орталық) мөрімен расталады.

2) аттестаттауды өткізу кестелерін бекіту.

134. Тиісті деңгейдегі аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі жыл сайын 1 қыркүйекке дейін білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) аттестатталатын басшылары мен басшылар орынбасарларының, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерінің алдағы қаржы жылына арналған тізімін айқындайды, ол қажеттілігіне қарай түзетіледі.

135. Аттестаттаушы органның басшысы органның персоналды басқару қызметінің ұсынуы бойынша жыл сайын бұйрық шығарады, онда аттестаттауды өткізу кестесі мен тиісті деңгейдегі Комиссияның құрамы бекітіледі.

136. Аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі аттестатталушыларды аттестаттауды өткізу мерзімдері туралы жыл сайын жазбаша хабардар етеді.

137. Білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары осы Қағидалардың 2-тарауының 1-параграфына сәйкес Біліктілік тестілеуінен өтеді.

1-параграф. Біліктілік бағалауын өткізу тәртібі

138. Біліктілік бағалауы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімі, облыстың (облыстық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін), республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары органдарында, тиісті саладағы уәкілетті органда (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) өткізіледі.

139. Біліктілік бағалауы аттестатталушылар ұсынған құжаттардың: жеке басын куәландыратын құжаттың, білімі туралы дипломның, білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген, кемінде 72 сағат "Білім берудегі менеджмент" бағдарламасы бойынша курстардан өткені туралы құжаттың, қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмелеріне сәйкестігін қарауды қамтиды.

140. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшылары мен басшы орынбасарларының, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерінің құжаттар топтамасы толық болмаған жағдайда, тиісті деңгейдегі аттестаттаушы органның Персоналды басқару қызметі құжаттарды қабылдамайды және дәлелді бас тартуды ұсынады.

2-параграф. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды өткізу тәртібі

141. Аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі білім беру ұйымдары (әдістемелік кабинеттер (орталықтар)) басшыларының, басшылары

орынбасарларының және әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерінің аттестаттау материалдарын Комиссияға жібереді.

142. Отырыс барысында Комиссия ұсынылған материалдарды зерделейді.

143. Ұсынылған материалдарды зерделеу нәтижелері бойынша Комиссияның әрбір мүшесі осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестатталатын басшыға/басшының орынбасарына/әдіскерге бағалау парағын толтырады.

144. Аттестаттаушы органның персоналды басқару қызметі аттестатталатын басшыға осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, басшының орынбасарына осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау парағын ресімдейді.

145. Жоғары қорытынды көрсеткіштер кезінде (осы Қағидаларға 24-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес ең жоғары қорытынды балл) аттестаттау нәтижелері бойынша білім беру ұйымы (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшысының орынбасарлары қабылданған сәттен бастап екі жылға білім беру ұйымдары (әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының кадр резервіне алынады.

146. Аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

білім беру ұйымдары (әдістемелік кабинет (орталық) басшыларының орынбасарлары және әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерлері үшін:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатын растай отырып аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

147. "Өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылданған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде аттестатталушының электрондық поштасына осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссияның барлық мүшелері қол қойған біліктілік санатын беруден (растаудан) бас тарту туралы негіздемемен жазбаша хабарлама жібереді.

148. Комиссия "өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылдаған кезде білім беру ұйымы басшысы орынбасарының, әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің бар біліктілік санаты қолданылу мерзімі өткенге дейін сақталады, бұдан әрі – біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі.

149. Білім беру ұйымы (әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары қайта аттестаттаудан осы Қағидаларға сәйкес тиісті деңгейдегі комиссия шешім қабылдаған күннен бастап бір жылдан кейін өтеді.

150. Комиссия қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатын растай отырып аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады.

151. Қайта аттестаттау кезінде Комиссия "өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылдаған жағдайда, бар біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі.

152. Көрсеткіштердің орындалуын білім беру ұйымының (әдістемелік кабинеттің (орталықтың) аттестатталатын басшысы қызмет нәтижелерін кешенді жинақтауға ұсынады.

153. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатын растай отырып аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады;

өтініш берілген біліктілік санатына еңбек шартын бұза отырып аттестатталмады.

154. Комиссия "өтініш берілген санатқа аттестатталмады" деген шешім қабылдаған кезде аттестатталушы осы Қағидаларға сәйкес аттестаттаудан өткен күннен бастап үш айдан кейін (аттестаттау кезеңінде бір реттен артық емес) қайта аттестаттаудан өтеді. Бұл ретте білім беру ұйымы (әдістемелік кабинет (орталық) басшысының бар біліктілік санаты келесі аттестаттау кезеңіне дейін сақталады.

155. Комиссия қайта аттестаттауды өткізу кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатын растай отырып аттестатталды;

өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады;

өтініш берілген біліктілік санатына еңбек шартын бұза отырып аттестатталмады.

156. Комиссия қайта аттестаттау кезінде "өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылдаған жағдайда "басшы-көшбасшы" немесе "басшы-менеджер" біліктілік санаты бар аттестатталушының біліктілік санаты бір деңгейге төмендейді;

"басшы-ұйымдастырушы" біліктілік санаты бар басшылармен еңбек шарты бұзылуға жатады.

157. Аттестатталушы Комиссия шешімімен танысады.

158. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған оның отырысына қатысқан Комиссия хатшысы мен мүшелері қол қояды.

159. "Өтініш берілген біліктілік санатына аттестатталмады" деген шешім қабылданған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің негіздемесі бар, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссияның барлық мүшелері қол қойған жазбаша хабарламаны аттестатталушының электрондық поштасына жібереді.

160. Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 26 және 27-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша аттестатталушылардың аттестаттау парақтарына енгізіледі.

161. Аттестаттаудан өткен аттестатталушының аттестаттау парағы жеке іс парағында сақталады. Комиссияның шешімі аттестатталушының қызметтік тізіміне енгізіледі.

162. Комиссия шешімі аттестаттаушы органның бұйрығымен ресімделеді.

Тиісті бұйрықтың негізінде осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік бере (растай) отырып, аттестаттау туралы куәлік беріледі.

163. Біліктілік бере отырып (растай отырып) аттестаттау туралы куәлік осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәліктерді тіркеу және беру журналында тіркеледі. Бұл ретте біліктілік санатын беру туралы еңбек кітапшасына жазба талап етілмейді.

164. Білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттің (орталықтың) педагогіне, басшыларына, басшыларының орынбасарларына, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне берілген (расталған) біліктілік санаты үшін қосымша ақы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес тиісті деңгейдегі комиссияның шешімі негізінде 1 қыркүйектен немесе 1 қаңтардан бастап жүзеге асырылады.

165. Басшының орынбасары (басшы) бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына басқа лауазымға ауысқан жағдайда (басшының орынбасары немесе басшы лауазымына) басшы орынбасарының өзінде бар үшінші санаттағы басшы орынбасары немесе екінші санаттағы басшы орынбасары немесе бірінші санаттағы басшы орынбасары немесе басшы-ұйымдастырушы немесе басшы-менеджер немесе басшы-көшбасшы біліктілік санаты мерзімі өткенге дейін сақталады.

166. Аттестаттау және біліктілік санаттарын беру рәсімінде бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті деңгейдегі комиссия біліктілік санатын беру туралы шығарылған шешімді дербес немесе бақылау және қадағалау органдарының ұсынуы бойынша бұзушылықтар анықталған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қайта қарайды.

167. Шығарылған шешімді қайта қарау тәртібін комиссия дербес айқындайды.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына 1-қосымша
Нысан

(тестілеуді өткізу жөніндегі
ұйымның басшысына)

Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға ӨТІНІШ

Мен, _____,
(педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда))

ЖСН _____

(диплом бойынша мамандығы)

Мені _____ біліктілік санатын беру (растау) – аттестаттау үшін
20 _____ жылы

ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Қазіргі кезде (күні) _____ (айы) _____ жылғы дейін жарамды біліктілік
санатына

иемін немесе жоқ:

Тестілеуді тапсыру тілі (қажеттісінің астын сызу): қазақ/орыс.

Жұмыс орны:

білім беру ұйымының атауы, лауазымы

Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатыса отырып, мен жеке мәліметтерімді өңдеуге

келісемін.

Мен тестілеуден өтетін ғимаратта тыйым салынған заттардың бірін пайдалануға

тырысқаным үшін жауапкершілік туралы, тиісті акт жасай отырып алып тастау туралы

хабардармын.

Тыйым салынған зат табылған жағдайда бес жыл мерзімге (білім беру ұйымдарының

басшылары – үш жылға) аттестаттаудан өту құқығынан айырылатыным хабарланды.

Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу кезінде қағидаларды бұзу фактілері анықталған

кезде, сондай-ақ бейнежазбаны қарау кезінде анықталған кезде тапсыру мерзіміне

қарамастан акт жасалатыны және нәтижелердің күші жойылатыны хабарланды.

Тыйым салынған заттар:

ұялы байланыс құралдары (пейджер, Ұялы Телефондар, планшеттер, айпэд (iPad),

айпод (iPod), айфон (iPhone), смартфон (SmartPhone), Смартчастар);

ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді роутерлер);

радиоэлектрондық байланыстың кез келген түрлері (вай-фай (Wi-Fi), блютуз (Bluetooth), дест (Dect), 3G, 4G, 5G;

сымды және сымсыз құлаққаптар және басқалар;

шпаргалкалар және оқу-әдістемелік әдебиеттер;

калькулятор және түзеткіш сұйықтықтар.

" _____ " _____ 20 ____ жыл _____

(ҚОЛЫ)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына 2-қосымша
Нысан
Аттестаттау комиссиясының
төрағасына

(білім беру ұйымдарының,
аудандық (қалалық)
бөлімдердің, облыстардың,

республикалық маңызы бар
қалалардың және астананың
білім басқармаларының атауы,
уәкілетті орган)

Ұлттық біліктілік тестілеуіне қатысуға РҰҚСАТТАМА

Облыс/Аудан / Мектеп
ПЕДАГОГТИҢ РҰҚСАТТАМАСЫ Т. А.Ә. (болған жағдайда): _____
ТСК: _____
ЖСН: _____
Жоспарланған біліктілік санаты: _____
Білім беру ұйымының деңгейі педагог жұмыс істейді: _____
Тестілеу орны: _____
Мекен жайы: _____
Аудитория: _____
Тестілеуді тапсыру тілі: _____
Тестілеу күні: _____
Тестілеуге тіркелудің басталу уақыты: _____
Тестілеу пәндері: 1. _____
2. _____
Төрағасы аттестаттау комиссиясының: _____
(қолы) (Т. А.Ә. (болған жағдайда))
Педагог: _____
(қолы) (Т. А. Ә. (болған жағдайда))
Рұқсаттаманы беру күні:

Педагогке жадынама:	Педагогке жол берілмейді:
